

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ

№1 ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

9 қыркүйек 2024 жыл

Қатысқандар: 9 педагог

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспарын бекіту.
2. Педагог қызметкерлердің кәсіби әдебі және сыртқы келбеті.
3. Балабақшадағы педагогикалық әдеп нормаларын сақтау. **ТЫҢДАЛДЫ:**

Бірінші мәселе бойынша кеңес төрайымы А.Е.Овезова сөз сөйледі.

А.Овезова педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің негізгі мақсаты мен міндеттеріне тоқталды. Ол кеңестің педагогтердің кәсіби қызметіндегі әдеп нормаларын сақтауды бақылау, ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру және қызметтік қарым-қатынастардың мәдениетін жетілдіру бағытында жұмыс жүргізетінін атап өтті. Сонымен қатар, 2024–2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары таныстырылып, әр тоқсанда өткізілетін іс-шаралар мен отырыстардың мазмұны түсіндірілді.

Төрайым педагогтің кәсіби мәдениеті балабақша ұжымының беделін арттыратынын, әр қызметкердің мінез-құлқы, сөйлеу әдебі және балалармен қарым-қатынасы ұйымның жалпы имиджіне әсер ететінін айтты. Жоспардағы іс-шаралардың барлығы педагогтердің кәсіби дамуына ықпал ететінін жеткізді.

Екінші мәселе бойынша әдіскер Б.Шакыева сөз сөйледі.

Баяндамашы педагогтің сыртқы келбеті оның кәсіби мәдениетінің маңызды көрсеткіші екенін атап өтті. Тәрбиеші әрдайым жинақы, ұқыпты, балаларға үлгі болатындай келбетте болуы қажет екендігі айтылды. Балалардың тәрбиешінің сыртқы бейнесіне, сөйлеу мәнеріне және мінез-құлқына еліктейтіні түсіндірілді.

Сондай-ақ жұмыс барысында киім үлгісінің іскерлік стильге сай болуы, шаш үлгісі мен жалпы келбетінің эстетикалық талаптарға сәйкес келуі қажеттігі айтылды. Балабақша педагогтері өздерінің жүріс-тұрысымен, қарым-қатынас

мәдениетімен және сөйлеу әдебімен тәрбиеленушілерге өнеге болуы тиіс екендігі ерекше атап өтілді.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Ж.Сариева сөз сөйледі.

Баяндамашы педагогикалық әдеп нормаларын сақтау педагогтің негізгі міндеттерінің бірі екенін айтты. Әсіресе балалармен, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынас кезінде сыйпайылық таныту, әр адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу қажеттігі түсіндірілді.

Сонымен қатар ата-аналар чаттарында жазысу мәдениетін сақтау, қызметтік мәселелерді дұрыс талқылау, даулы жағдайларда сабырлылық таныту және педагогтің беделіне нұқсан келтіретін әрекеттерден аулақ болу қажеттігі айтылды. Педагогикалық әдеп ұйымдағы өзара сыйластықтың негізі екендігі атап өтілді.

ШЕШІМІ:

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2024–2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Педагогтердің кәсіби сыртқы келбеті мен қызметтік мәдениеті тұрақты бақылауда ұсталсын.
3. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

Кеңес төрайымы: _____ А.Овезова

Хатшы: _____ Ж.Ибрагимова